

«Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» МКҚК



«Бекітемін»

Индустриялық кенес төрағасы

NCOC компаниясының қоғаммен қарым-қатынас
орнату жөніндегі үйлестірушілері

Азат Нұржауов

ТҮПҚАРАҒАН



Индустриялық кенес қызметінің ережесі

Форт-Шевченко қаласы

Мазмұны

Kириллица

I. Индустриялық кеңесті енгізу және оның қызметі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

II. Нұсқаулықтар мен нәтижелер

Kиpісне

Кадр саясаты Қазақстандағы индустрияландырудың негізгі басылымдылықтары болып табылады.

Мамандыктардың кәсіби дайындық деңгейін экономиканың күрылымдылық қайта құру бағдарламаларының тиімділігі, қызмет пен тауар өндірісінің кеңеоі, олардың ішкі және сыртқы енбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуі анықтайды.

Елді индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекет амициясы жағдайында білікті жұмысшы мамандыктарының жетіспеушілігі заманауи өндірістің динамикалық дамуы мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға кедергі жасайтын басты кындықтардың бірі.

Атапған мәселелер шешімі жұмыс берушілер мен колледж арасында студенттері қабылдаудан бастап кәсіптік біліктілігін бағалау процедурасына дейін мамандарды даярлаудың практикаға бағытталған жүйесін орнататын жүйелі шараларды орындау шенберіндегі тиімді қарым - катынас орнату.

Бұл жағдайда Индустриялық кеңесті құру мен енгізу бірінші кезектегі және басты тапсырма болып саналады, ейткені Индустриялық кеңес жұмыс шенберінде тараптар арасындағы қарым-катынас икемді басқарудың коллегиалды жүйесі арқылы реттеледі. Айта кеткен жөн, әрбір жүйе (білім мен индустрия) бір-бірінің дамуы мен қызмет етуіне әсер етеді. Оку орындарының алатын пайдаласы, ол білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету және саламен тығыз қарым-катынас орнату.

Салалардың Индустриялық кеңеске катысадан алатын пайдаласы, ол өз салаларына қажетті және сұраныска ие дағдылары бар мамандарды даярлауга оку орындарына қолдау көрсету.

1. ИНДУСТРИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тұлектордің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін шешу үшін Н.Бекбосынов атындағы Манғыстау энергетикалық колледжінің алдында экономиканы салалық ерекшелігіне сәйкес техникалық мамандыктардың тиімді кадрларымен қамтамасыз ету міндетті тұр.

Құру мақсаты - өнірдің түрлі салаларында үлттық экономиканың енбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жогары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында дуалды оқытуды, модульдік-құзыретті тәсілді әзірлеуде сараптамалық және техникалық көмек көрсету.

Индустриялық кеңестің міндеттері интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; қазіргі заманғы білім беру бағдарламаларын, инновациялық жабдықтарды жасау және енгізу; педагог кадрлардың зияткерлік әлеуетінің сапасын арттыру; оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сатып алу; студенттердің академиялық ұтқырлығы бағдарламасын енгізу; колледж имиджін ілгерілету болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1.1 Индустриялық кеңес колледже мамандар даярлауды жүзеге асыруда сараптамалық және техникалық көмек көрсету үшін күрьяды

1.2 Индустриялық кеңес әкімшілікпен және инженерлік-

колледждің педагогикалық ұжымымен өзара әрекет жасайды;

1.3 Индустриялық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатка ие және колледж әкімшілігінің карауы үшін міндетті.

2. Индустриялық кеңестің құрамы

2.1. Индустриялық кеңестің мүшелері өздерінің тұрақты жұмыс орындарын сактайтын және индустриялық кеңесте қызметтің отеусіз негізде жүзеге асырады.

2.2. Индустриялық кеңес төрагадан, төраганың орынбасарынан, 3-4 мүшеден және хатшылықтан (дауыс беру құқығының) тұрады. Төрага мен төраганың орынбасары индустриялық кеңестің бірінші отырысында оның мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы тағайындалады.

Бұл шешім индустриялық кеңестің бірінші отырысының хаттамасында көрсетіледі;

2.3 Индустриялық кеңестің хатшылығын колледж әкімшілігі инженерлік-педагогикалық ұжым мүшелерінен тағайындауды және дауыс беру құқығы жок. Хатшылықтың функцияларына мыналар жатады:

- индустриялық кеңес отырыстарының кестесін әзірлеу;
- индустриялық кеңестің кезекті отырыстарын ұйымдастыру;

Индустриялық кенес жұмысының қолайларын қамтамасыз ету; индустриялық кенес арысының бағдарламасын дайындау және оны төрагамен келісу;

• индустриялық кенес отырыстарының хаттамаларын жасау және оның мүшелерінің қол коюы;

• индустриялық кенестің қызметіне байланысты басқа да міндеттер.

2.4 Индустріалды кенестің мүшелері коллеждің әлеуметтік серіктесі кәсіпорнының әкімшілік және техникалық құрамының қызметкерлері болуы тиіс.

2.5 Әлеуметтік әріптестің әкімшілік құрамының өкілі осы үйымда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс және оның үйимдагы қызметі үйымның негізгі қызметімен тікелей байланысты болуы тиіс.

3. Индустріялық кенестің жұмыс істеуі

3.1. Индустріялық кенестің бірінші отырысында индустріялық кенес отырыстарының кестесі бекітіледі. Индустріялық кенес токсанына кемінде 1 рет отырыс өткізеді.

3.2. Индустріялық кенес индустріялық кенес мүшелерінің кемінде 2/3 – сінің қатысуымен және индустріялық кенестің келесі мүшелерінің ең болмағанда біреуі - Төрағаның немесе төрага орынбасарының қатысуымен отырыс өткізеді. Индустріялық кенестің төрагасы кезекті отырыстарға, ал ол болмаған жағдайда – төрағаның орынбасарына басшылық етеді.

3.3. Индустріялық кенестің әрбір шешімі оның мүшелерінің ашық дауыс беруімен шығарылады. Егер дауыс беру үрдісінде дауыстардың тең саны аныкталса, онда индустріялық кенестің төрагасы немесе төрага болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданады.

4. Индустріялық кенес қызметінің мақсаттары

4.1 Индустріялық кенес мынадай жұмысты орындаиды:

- мамандарды даярлау мәселелеріне катысты консультациялық және сараптамалық көмек көрсетеді;
- Оку жоспарларының іске асырылуына мониторинг және бағалау жүргізеді;
- Оку орны қызметінің көрсеткіштерін жаксарту бойынша ұсынымдар шығарады (өндірістік және оку практикаларының мазмұны мен өткізуі, арнайы пәндерді оқыту мәселелерінде);
- Оку жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіру және түпкілікті макулдау бойынша ұсынымдарды қарайды және әзірлейді;
- Оқу жабдықтарын сатып алуға арналған техникалық ерекшеліктер мен техникалық тапсырмаларды қарайды және макулдайды;
- Оку орнының өнірдің ірі кәсіпорындарымен, өнірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара қарым-қатынасын дамытуға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді;
- Бітірушілерді қорыттынды аттесттаттау бойынша жұмысқа қатысады;
- Колледж әкімшілігімен келісім бойынша басқа да қызмет.